- Бұл пайдаланушы нұсқаулығы бірнеше басқа модельдерге де қолданылатынын есте сақтаңыз.
- Модельдер арасындағы айырмашылықтар нұсқаулықта анықталады.

**Нышандардың түсіндірмесі**

Осы пайдаланушы нұсқаулығында келесі нышандар пайдаланылады:

🛈 Маңызды мәлімет немесе пайдалы қолданыс туралы кеңестер.

⚠ Өмірге және меншікке қауіп төндіретін жағдайлар туралы ескерту.

⚠ Электр кернеуі туралы ескерту.



***ЕСКЕРТУ!***

R600a экологиялық таза хладагентін қолданатын (белгілі бір жағдайларда ғана тұтанатын) тоңазытқыш құралының қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін сіз келесі ережелерді сақтауыңыз керек:

- Құрылғының айналасындағы ауаның еркін айналуына кедергі жасамаңыз.
- Жібітуді жеделдету үшін механикалық құрылғыларды өндіруші ұсынғаннан басқаларын пайдаланбаңыз.
- Тоңазытқыш контурын бұзбаңыз.
- Азық-түлік сақтау бөлмесінің ішінде өндіруші ұсынғаннан басқа электр құрылғыларын пайдаланбаңыз.

**1 Сіздің тоңазытқышыңыз 3**

**2 Маңызды қауіпсіздік ескертулері 4**

Мақсатты пайдалану ..... 4
Жалпы қауіпсіздік ..... 4
Балалар қауіпсіздігі .....6
RoHS директивасының талаптарына сәйкестік ..... 6
WEEE директивасына және қоқыс өнімді лақтыру талаптарына сәйкестік ...6
Орама туралы ақпарат ..... 6
HCA ескертуі ..... 7
Қуатты үнемдеу үшін істеу керек нәрселер .....7

**3 Орнату 8**

Тоңазытқыш орнын ауыстыру кезінде назар аударылуы керек пункттер .....8
Тоңазытқышты іске қосу алдында .....8
Электр қосылымы ..... 8
Қорапты тастау ..... 9
Ескі тоңазытқышты тастау ..... 9
Орналастыру және орнату ..... 9
Ішкі шамды ауыстыру ..... 9
Есіктердің ашылу бағытын өзгерту...10

**4 Дайындау 11**

**5 Тоңазытқышты пайдалану 12**

Басқару тақтасы .....12
Қос салқындату жүйесі .....13
Еріту .....13
Нөлдік температура бөлімі .....13
Өнімдерді мұздатып сақтау жөніндегі ұсыныстар .....14
Балғын тамақ бөлімі туралы ұсыныстар .....14
Өнімді орналастыру .....14
HarvestFresh .....15

**6 Күту және тазалау 16**

Пластмассалық беттерді қорғау .....16

**7 Ақаулықтарды жою 17**

# 1 Сіздің тоңазытқышыңыз




1. Басқару тақтасы
2. Ішкі шам
3. Тоңазыту желдеткіші
4. Шарап сөресі
5. Реттелетін сөрелер
6. Нөлдік температура бөлімі
7. Көкөністерге арналған қорап
8. Жылдам мұздату бөлімі
9. Қатыру бөлігінің тартпалары
10. Реттелетін есік сөрелері
11. Шөлмек қоятын сөре
12. Мұздатқыш желдеткіші

Осы нұсқаулықтағы суреттер сызба түрінде берілген және сатып алынған өнімге сәйкес келмеуі мүмкін. Тақырыпта берілген бөлшектер сіз сатып алған өнімде болмаса, онда ол басқа үлгідегі өнімдерге арналған.

# 2 Маңызды қауіпсіздік ескертулері

Мына мәліметті қайта қарап шығыңыз. Осы ақпаратты оқымау жарақаттануға немесе материалдық шығынға себеп болуы мүмкін. Сонымен қатар, кепілдік немесе сенім міндеттемелерінің күші де жойылады.

## Мақсатты пайдалану

- Бұл өнімді пайдалануға болатын жерлер:
  - үйлер сияқты жабық аймақтарда және бөлме ішінде;
  - қоймалар мен офистер сияқты жабық жұмыс істеу орталарында;
  - фермадағы үйлер, қонақ үйлер немесе пансиондар сияқты жабық тұрғылықты аймақтарда.
- Оны үй сыртында пайдалануға болмайды.

## Жалпы қауіпсіздік

- Өнімді тастау немесе бөлшектеу қажет болса, өкілетті орындар мен қажет ақпарат туралы өкілетті қызмет көрсету орталығынан кеңес алуды ұсынамыз.
- Тоңазытқышқа қатысты барлық сұрақтар мен проблемалар бойынша өкілетті қызмет көрсету орталығынан кеңес алыңыз. Тоңазытқыштың ішкі бөліктерін өкілетті қызмет көрсету орталығына ескертусіз ашпаңыз және басқаларға да ашқызбаңыз.
- Қатырғыш бөлігі бар өнімдер үшін: конус тәріздес балмұздақты немесе мұз кесектерін қатырғыш бөліктен алысымен бірден жемеңіз! (Себебі аузыңыз үсіп қалуы мүмкін.)
- Қатырғыш бөлігі бар өнімдер үшін: шөлмектегі немесе қауашақтағы сусындарды қатырғыш бөлікке салмаңыз. Әйтпесе олар жарылуы мүмкін.
- Қатқан тағамды қолмен ұстамаңыз, олар қолға жабысып қалуы мүмкін.
- Тоңазытқышты тазалау немесе мұзын еріту үшін, розеткадан ажыратыңыз.
- Тоңазытқышты тазалау немесе еріту барысында бу немесе бу шығаратын тазалау материалдары ешқашан қолданылмауы керек. Ондай жағдайларда, бу электрлік бөлшектерге өтіп, қысқа тұйықталуға немесе электр шогына себеп болуы мүмкін.
- Есік сияқты тоңазытқыш бөлшектерін тірек немесе саты ретінде пайдаланбаңыз.
- Тоңазытқыш ішінде электр құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- Салқындатқыш сұйық айналатын бөліктерді тесу немесе кесу құралдарымен зақымдап алмаңыз. Буландырғыштың газ арналары, түтік ұзартқыштары немесе беткі қабаттар тесілгенде, тері тітіркенеді немесе көз зақымданады.
- Тоңазытқыштағы желдету тесіктерін кез келген материалмен жаппаңыз немесе бітемеңіз.
- Электрлік құрылғыларды тек білікті мамандар жөндеуі керек. Біліксіз адам орындаған жөндеу жұмыстары салдарынан пайдаланушыға қауіп төнеді.
- Кез келген сәтсіздік немесе техникалық қызмет көрсету және жөндеу барысында тоңазытқышты қуат көзінен сақтандырғышты ажырату немесе қосқышты розеткадан суыру арқылы өшіріңіз.
- Қосқышты сымынан тартып суырмаңыз.
- Сусындарды жоғары жағын тығыз жауып және тігінен қойыңыз.

- Жарылғыш және жанғыш заттары бар спрей қауашақтарын тоңазытқышта сақтамаңыз.
- Еріту процестерін тездету үшін, өндіруші ұсынғаннан басқа механикалық құрылғыларды немесе басқа да құралдарды пайдаланбаңыз.
- Бұл құрылғыны физикалық, сезу және ойлау қабілеттері шектеулі (балаларды қоса), не болмаса тәжірибесі не білімі жоқ адамдар олардың қауіпсіздігіне жауапты адамның қадағалауымен және құрылғыны пайдалануға байланысты нұсқауларды бермейінше қолданбауы тиіс.
- Зақымдалған тоңазытқышты пайдаланбаңыз. Кез келген сұрағыңыз болса, қызмет өкіліне хабарласыңыз.
- Электрлік қауіпсіздікке тек үйдегі жерге қосу жүйесі стандарттарға сай болғанда ғана кепілдік беріледі.
- Өнімге жаңбыр, қар және жел әсері тиюіне жол беру электр қауіпсіздігіне қатер төндіреді.
- Қуат кабелі зақымданған кезде қауіп-қатердің алдын алу үшін, уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Орнату кезінде тоңазытқышты ешқашан розеткаға қоспаңыз. Әйтпесе өлім қаупі немесе жарақаттану болуы мүмкін.
- Бұл тоңазытқыш тек азық-түлік элементтерін сақтауға ғана арналған. Ол басқа мақсат үшін пайдаланылмауы керек.
- Техникалық сипаттамалар жапсырмасы тоңазытқыштың ішкі оң жақ қабырғасында орналасқан.
- Тоңазытқышты электрлік қорғау жүйелеріне ешқашан қоспаңыз, олар тоңазытқышты зақымдауы мүмкін.
- Тоңазытқыштың көк шамы жанса, көк жарыққа оптикалық құралдармен қарамаңыз.
- Қолмен басқарылатын тоңазытқыштар қуаты ажыратылса, оны қайта қосу алдында кемінде 5 минут күтіңіз.
- Өнімді басқаларға бергенде, жаңа иесіне оның пайдалану нұсқаулығын да беру керек.
- **Тоңазытқышты тасымалдау барысында қуат кабелін зақымдап алмаңыз!**
  **Кабельді бүктеу салдарынан өрт шығуы мүмкін!**
  **Қуат кабеліне ешқашан ауыр заттар қоймаңыз!**



- Өнімді қуат көзіне жалғағанда, қосқышты су қолмен ұстамаңыз.
- Қабырға розеткасы бос болса, тоңазытқышты қуат көзіне қоспаңыз.
- Қауіпсіздік мақсатында өнімнің ішкі және сыртқы бөлшектеріне суды шашпаған дұрыс.
- Өрт және жарылыс қаупін болдырмас үшін, құрамында пропан сияқты жанғыш газы бар заттарды тоңазытқыш жанында шашпаңыз.
- Тоңазытқыш үстіне суға толы ыдыстарды қоймаңыз, әйтпесе кему, электр тогының соғуы немесе өрт жағдайы орын алуы мүмкін.
- Тоңазытқышты азық-түлікпен толтырмаңыз. Шамадан тыс жүк түссе, есікті ашқан кезде тағамдар құлап кетіп, сізді жарақаттауы немесе тоңазытқышты зақымдауы мүмкін.

- Тоңазытқыштың үстіне ешқашан заттар қоймаңыз, әйтпесе, тоңазытқыш есігін ашып-жапқанда, ол заттар құлап кетуі мүмкін.
- Дәл сақтау температурасы қажет болғандықтан, вакциналарды, ыстық сезгіш дәрі-дәрмектерді және ғылыми материалдарды және т.б. тоңазытқышта сақтамау керек.
- Тоңазытқыш ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, оны розеткадан ажырату керек. Кабельдегі проблема болса, ол өрт шығуына себеп болуы мүмкін.
- Ашаның ұшын тұрақты түрде құрғақ шүберекпен тазалап тұру керек, әйтпесе, ол өрт тудыруы мүмкін.
- Реттелетін аяқтары еденге дұрыс орнатылмаса, тоңазытқыш жылжып кетуі мүмкін. Еденге берік орнатылған реттелетін аяқтар тоңазытқыштың жылжуының алдын алады.

## Балалар қауіпсіздігі

- Есікте құлып болса, кілтті балалардың қолы жетпейтін жерге қою керек.
- Өнімді зақымдамас үшін, балаларды қадағалау керек.

## RoHS директивасының талаптарына сәйкестік

- Бұл өнім ЕО WEEE директивасының (2011/65/EU) талаптарына сай. Ол директивада көрсетілген зиянды және тыйым салынған материалдарды қамтымайды.

## WEEE директивасына және қоқыс өнімді лақтыру талаптарына сәйкестік

Бұл өнім ЕО WEEE директивасының (2012/19/EU) талаптарына сай. Бұл өнімде қоқыс электр және электрондық өнімнің (WEEE) сыныптама таңбасы бар.



Бұл өнім қайта пайдалануға болатын және қайта өңдеуге жарамды жоғары сапалы бөліктер мен материалдар көмегімен өндірілген. Қызмет көрсету мерзімі аяқталғанда қоқыс өнімді қалыпты тұрмыстық және басқа қоқыстармен бірге лақтырмаңыз. Оны электр және электрондық жабдықты қайта өңдеуге арналған жинау орталығына апарыңыз. Осы жинау орталықтары туралы мәліметтер алу үшін жергілікті билік органдарына хабарласыңыз.

## Орама туралы ақпарат

Өнімнің орама материалдары біздің ұлттық қоршаған ортаны қорғау туралы ережелерге сай қайта өңделетін материалдардан жасалған. Орама материалдарын үй немесе басқа қоқыстармен бірге тастамаңыз. Оларды жергілікті билік органдары белгілеген орама материалын жинау орындарына апарыңыз.

**Ұмытпаңыз…**

Кез келген қайта өңделген зат - табиғат пен ұлттық актив байлығымыз үшін аса маңызды мәселе.

Орама материалдарын қайта бағалау жұмысына ат салысқыңыз келсе, еліңіздегі қоршаған ортаны қорғау ұйымдарына немесе муниципалитеттерге хабарласа аласыз.

## HCA ескертуі

**Өнімнің салқындату жүйесінде R600a болса:**
Бұл газ тұтанғыш. Сондықтан, тасымалдау немесе пайдалану барысында салқындату жүйесі мен түтіктерді зақымдап алмаңыз. Зақымдалған жағдайда, өнімге от тиіп кетпес үшін, оны ықтимал өрт көздерінен аулақ ұстаңыз және өнім орналасқан бөлмені желдетіңіз.

**Өніміңіздің салқындату жүйесінде R134a болса, бұл ескертуді елемеңіз.**
Өнімде пайдаланылатын газ түрі тоңазытқыштың ішкі сол жақ қабырғасындағы жапсырмада жазылған. Өнімді қоқысқа тастаған кезде, оны ешқашан отқа тастамаңыз.

## Қуатты үнемдеу үшін істеу керек нәрселер

- Тоңазытқыш есіктерін ұзақ уақыт бойы ашық қалдырмаңыз.
- Тоңазытқышқа ыстық тамақты немесе сусындарды қоймаңыз.
- Тоңазытқыш ішіндегі ауа айналымына кедергі жасамау үшін, оны шамадан тыс толтырмаңыз.
- Тоңазытқышты тура күн түсетін жерге немесе пештер, ыдыс-аяқ жуғыштар немесе радиаторлар сияқты жылу шығаратын құрылғылардың қасына орнатпаңыз. Тоңазытқышты жылу шығаратын көздерден кемінде 30 см алыс және электр пештерінен кемінде 5 см алыс ұстаңыз.
- Тағамның жабық ыдыстарда сақталғанына назар аударыңыз.
- Қатырғыш бөлігі бар өнімдер үшін; қатырғыш сөрелері мен тартпаларын алсаңыз, оның ішіне көбірек азық-түлік сақтауға болады. Тоңазытқыштың қуат тұтыну шамасы қатырғыштағы тартпа мен сөрені алып, оны барынша жүктеу арқылы анықталды. Сөрені немесе тартпаны қатырылатын азық-түліктердің пішініне және мөлшеріне байланысты пайдаланудың ешқандай қаупі жоқ.
- Мұздатқышта қатырылған тамақты еріту қуатты үнемдеуді қамтамасыз етеді және тамақ сапасын сақтайды.

# 3 Орнату

⚠ Пайдаланушы нұсқаулығында берілген ақпарат есепке алынбаған жағдайда өндіруші осының салдарына жауапты болмайды.

## Тоңазытқыш орнын ауыстыру кезінде назар аударылуы керек пункттер

1. Тоңазытқышыңыз ажыратылуы керек. Тоңазытқышты тасымалдау алдында, ол босатылып тазалануы керек.
2. Оны қайта орау алдында, тоңазытқыш ішіндегі сөрелері, керек-жарақтары, балғын сақтағыш, т.б. жабысқақ таспамен бекітіліп, әсерлерден қорғалуы керек. Орама қалың таспамен немесе қатты арқанмен байлануы керек және орамадағы тасымалдау ережелері қатаң түрде сақталуы керек.
3. Қорап пен қатты көбік материалдарын болашақта тасымалдау немесе көшу үшін сақтап қойыңыз.

## Тоңазытқышты іске қосу алдында

Тоңазытқышты пайдалануды бастау алдында келесіні тексеріңіз:

1. Тоңазытқыштың ішкі бөлігі құрғақ па және ішкі бөлігінің артқы жағында ауа еркін айналады ма?
2. Тоңазытқыштың ішін «**Күту және тазалау**» бөлімінде ұсынылғандай тазалаңыз.
3. Тоңазытқыш ашасын қабырға розеткасына жалғаңыз. Тоңазытқыш есігі ашылса, тоңазытқыштың ішкі шамы жанады.
4. Компрессор жұмысы басталған кезде дыбыс естіледі. Салқындату жүйесіне қолданылған сұйықтық пен газ компрессор жұмыс істемесе де дыбыс шығаруы мүмкін, бұл қалыпты жағдай.
5. Тоңазытқыштың сыртқы жиектері жылы болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Бұл аумақтар конденсацияны болдырмау үшін жылы болатындай жобаланған.

## Электр қосылымы

Өнімді шамасы сәйкес сақтандырғышпен қорғалған және жерге қосылған розеткаға қосыңыз.
Маңызды:
Байланыс ұлттық ережелерге сәйкес болуы керек.

- Орнатылған соң, қуат ашасына қол оңай жетіп тұру керек.
- Электрлік қауіпсіздікке тек үйдегі жерге қосу жүйесі стандарттарға сай болғанда ғана кепілдік беріледі.
- Өнімнің сол жақ ішкі жағында орналасқан жапсырмада көрсетілген кернеу желі кернеуіне тең болуы керек.
- **Жалғау үшін ұзартқыш сымдар мен көп бағытты қосқыштар қолданылмауы қажет!**

⚠ Зақымдалған қуат сымын білікті маман ауыстыруы керек.

⚠ Өнімді жөндемей тұрып пайдаланбау керек! Ток соғу қаупі бар!

## Қорапты тастау

Орам материалдары балалар үшін қауіпті болуы мүмкін. Орам материалдарын балалардан аулақ ұстаңыз немесе оларды жергілікті органдар мәлімдеген қоқысқа тастау туралы нұсқауларға сәйкес сыныптарға бөліп тастаңыз. Тұрмыстық қоқыспен бірге лақтырмаңыз, жергілікті органдармен көрсетілген орау орнына лақтырыңыз. Тоңазытқыш қорабы қоқысқа тастауға болатын материалдардан жасалған.

## Ескі тоңазытқышты тастау

Ескі тоңазытқышты қоршаған ортаға еш зияны тимейтіндей жолмен тастаңыз.

- Тоңазытқышты тастау туралы кеңесті өкілетті сатушыдан немесе қоқыс жинау мекемесінен алуға болады.

Тоңазытқышты тастау алдында, электр сымын қиып алыңыз, ал есіктерде құлып болса, балалардың қауіпсіздігі үшін оларды бұзып тастаңыз.

## Орналастыру және орнату

⚠ Тоңазытқыш орнатылатын бөлмеге кіру есігі жеткілікті кең болмаса, өкілетті қызмет орнымен хабарласып, олардан тоңазытқышты ішке кіргізу үшін оның есігін уақытша алып тастауды сұраңыз.

1. Тоңазытқышты оңай пайдаланылатын жерге орналастырыңыз.
2. Тоңазытқышты жылу көздерінен, дымқыл орындардан және тіке күн көзінен аулақ ұстаңыз.
3. Тоңазытқышты соққылардан қорғау үшін тегіс жерге орналастырыңыз.
4. Тоңазытқышты температурасы 10°C градустан төменгі ортаға қоймаңыз.

## Ішкі шамды ауыстыру

Тоңазытқышты жарықтандыруға пайдаланылған шам/ЖД ауыстыру үшін, өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Осы аппаратта пайдаланылған шам(дар) тұрмыстық бөлмені жарықтандыруға үйлесімсіз. Осы шамның арнайы мақсаты - пайдаланушыға тамақтарды тоңазытқыш/қатырғыш ішіне қауіпсіз әрі ыңғайлы жолмен салуға көмектесу. Осы аппаратта пайдаланылған шамдар -20°C төмен температура көрсеткіштері сияқты экстремалды физикалық жағдайларға төтеп беруі керек.

## Есіктердің ашылу бағытын өзгерту

Сандық ретпен жалғастырыңыз.



# 4 Дайындау

- Тоңазытқыш конфорка, пеш, орталық жылу жүйесі және духовка сияқты жылу көздерінен кемінде 30 см, ал электрлік пештерден кемінде 5 см алшақ орнатылуы қажет және оны тура күн түсетін жерге қоймау керек.
- Тоңазытқыш орнатылуы керек бөлме температурасы кемінде 10°C болуы керек. Тоңазытқышты суытқыш жағдайларында пайдалану тиімділігіне қатысты ұсынылмайды.
- Тоңазытқыштың ішкі бөлігін мұқият тазалау қажет.
- Екі тоңазытқыш қатар орнатылатын болса, олардың арасында кемінде 2 см арақашықтық болуы керек.
- Тоңазытқышты бірінші рет іске қосқанда, бастапқы алты сағат ішінде мына нұсқауларды қадағалаңыз.
- Есік жиі ашылмауы керек.
- Оған ешқандай тағам салмай бос күйінде жұмыс істету керек.
- Тоңазытқышты қуат көзінен суырмаңыз. Егер қуат көзі ажыратылса, «**Ақаулықтарды жою**» бөліміндегі ескертулерді қараңыз.
- Қорап пен қатты көбік материалдарын болашақта тасымалдау немесе көшу үшін сақтап қойыңыз.

# 5 Тоңазытқышты пайдалану

## Басқару тақтасы




### 1. Қосу/Өшіру көрсеткіші

Тоңазытқышты өшіру немесе қосуүшін, Қосу / Өшірутүймесін 3 секундбасыптұрыңыз. Тоңазытқыш өшірулі болғанда (●) белгісі жанады. Барлық басқа белгілер өшірулі болады.

### 2. Жылдам суыту функциясы түймесі

(❄) түймесінің екі функциясы бар. Жылдам суыту функциясын белсендіру немесе өшіру үшін оны қысқа уақыт бойы басыңыз. Жылдам суыту көрсеткіші өшеді және өнім қалыпты параметрлеріне оралады.

| |
|---|
| Тоңазытқыш бөліміне қойылған тамақты жылдам салқындату қажет болса, жылдам салқындату функциясын пайдаланыңыз. Балғын тамақтың үлкен мөлшерлерін салқындату керек болса, тамақты өнімге салмай тұрып осы функцияны белсендіріңіз. |
| Болдырмасаңыз, жылдам суыту ең көбі **1** сағаттан кейін немесе тоңазытқыш бөлімі қажет температураға жеткенде өзін автоматты түрде болдырмайды. Қуат үзілгеннен кейін қуат қайта келгенде бұл функция қайта іске қосылмайды. |

### 3. Тоңазытқыш бөлімінің температурасын орнату түймесі

Тоңазыту бөлігінің температурасын сәйкесінше 8, 7, 6, 5, 4, 3, 2, 8... мәндеріне орнату үшін, осы түймені (🌡) басыңыз. Бұл түймені тоңазыту бөлімінің температурасын қалаған мәнге орнату үшін басыңыз.

### 4. Мұздатқыш бөлімінің температурасын орнату түймесі

Бұл түймені (🌡) басып, мұздатқыш бөлімінің температурасын сәйкесінше -18, -19, -20, -21, -22, -23, -24, -18 ... етіп орнатыңыз. Бұл түймені мұздату бөлімінің температурасын қалаған мәнге орнату үшін басыңыз.

### 5. Жылдам мұздату функциясының түймесі

Бұл түймені (❄) жылдам мұздату функциясын белсендіру немесе өшіру үшін басыңыз. Бұл функцияны белсендіргенде мұздатқыш бөлімінің орнатылған мәннен төменірек температураға дейін суытылады.

| |
|---|
| Мұздатқыш бөліміне қойылған тамақты жылдам мұздату қажет болса, жылдам мұздату функциясын пайдаланыңыз. Балғын тамақтың үлкен мөлшерлерін мұздату керек болса, тамақты өнімге салмай тұрып осы функцияны белсендіріңіз. |
| Болдырмасаңыз, жылдам мұздату ең көбі **25** сағаттан кейін немесе мұздатқыш бөлімі қажет температураға жеткенде өзін автоматты түрде болдырмайды. Қуат үзілгеннен кейін қуат қайта келгенде бұл функция қайта іске қосылмайды. |

### 6. Дабылды өшіру туралы ескерту

Қуат қателігі / жоғары температура дабылы жағдайында қатыру бөлігінде орналасқан тағамды тексеруден кейін ескертуді жою үшін дабылды өшіру (🔕) түймесін басыңыз.

### 7. Аралас үнемдеу

Аралас үнемдеу функциясын белсендіру үшін Аралас үнемдеу түймесін (3″) 3 секунд бойы басып тұрыңыз. Тоңазытқыш ең үнемді режимде кемінде 6 сағаттан кейін жұмыс істей бастайды және үнемді пайдалану көрсеткіші (🍃) қосылады. Аралас үнемдеу функциясын өшіру үшін Аралас үнемдеу функциясының түймесін 3 секунд бойы басып тұрыңыз. Егер есіктер ашылмаса, аралас үнемдеу белсендірілгенде бұл көрсеткіш 6 сағаттан кейін қосылады. *Мұздатқыш бөлімінің температурасы -18°C мәніне орнатылғанда, **ECO** индикаторы белсенді болады.*

### 8. Демалыс функциясы

Демалыс функциясын белсендіру үшін осы түймені (3″) 3 секунд бойы басывңыз, сонда демалыс режимінің көрсеткіші (⛱) белсендіріледі. Демалыс функциясы белсендірілгенде тоңазытқыш бөлімінің температура көрсеткішінде «- -» көрсетіледі және тоңазытқыш бөлімінде белсенді суыту орындалмайды. Бұл функцияда тоңазытқыш бөлімінде тамақты сақтау қолайлы емес. Басқа бөлімдерде орнатылған температурасына сай суыту жалғастырылады. Бұл функциядан бас тарту үшін Vacation **(Демалыс)** функциялық түймесін қайтадан басыңыз.

## Қос салқындату жүйесі

Тоңазытқыш екі бөлек салқындату жүйелерімен жабдықталған, балғын тамақты салқындату бөлімі және қатырылған тамақ бөлімі. Осылайша, балғын тамақ бөлімі мен қатыру бөліміндегі ауа араласпайды. Осы екі бөлек салқындату жүйелерінің арқасында салқындату жылдамдығы басқа тоңазытқыштарға қарағанда әлдеқайда жоғары. Бөлімдердегі иістер араласпайды. Сондай-ақ, қосымша қуатты үнемдеу қамтамасыз етілген, өйткені еру жеке-жеке орындалады.

## Еріту

**A) Тоңазыту бөлігі**

Тоңазыту бөлімі толық автоматты еріту функциясын орындайды.
Еріген су аппараттың артындағы жинау ыдысы арқылы төгу түтігіне барады. Судың электр бөліктерге немесе еденге төгілуін болдырмау үшін түтік соңымен компрессордағы жинау науасына тұрақты түрде қойылғанын тексеріңіз.

**B) Қатыру бөлігі**

**NO FROST (МҰЗ ЖОҚ)** түріне жататын еріту толығымен автоматты түрде өтеді. Сіздің килігуіңіз қажет емес. Су компрессор науасында жиналады. Компрессор қызуына байланысты су буланады.

**Ескертулер!**

Тоңазытқыш және балғын тамақ бөлімдерінің ішіндегі желдеткіштер салқын ауаны айналдырады. Қорғаныс арқылы ешқашан заттарды салмаңыз. Балаларға балғын тамақ және тоңазытқыш желдеткішімен ойнауға рұқсат етпеңіз. Тұтанғыш жарылғыш газ бар өнімдерді (мысалы, диспенсерлер, спрейлер, т.б.) немесе жарылғыш заттарды ешқашан сақтамаңыз. Сөрелерді ауа айналымына кедергі жасауы мүмкін ешбір қорғағыш материалдармен жаппаңыз. Балаларға аппаратпен жұмыс істеуге немесе басқару тетіктерін бұлдіруіне жол бермеңіз. Аппараттан ең жақсы мүмкін өнімділікті алу үшін желдеткіш қаптамасына кедергі келтірмеңіз.

Желдеткіштердің бұғатталмағанын (тоқтамағанын) я болмаса тамақпен немесе орамамен зақымдалмағанын тексеріңіз. Желдеткішті бұғаттау (тоқтату) немесе зақымдау ішкі мұздатқыш температурасының артуына әкеледі (еру).




## Нөлдік температура бөлімі

Бұл бөлім талап бойынша баяу еритін (ет, балық, тауық, т.б.) қатырылған тағамды сақтауға арналған. Нөлдік температура бөлімі - сүт өнімдерін (ірімшік, май), етті, балықты немесе тауық етін идеалды сақтау жағдайларында сақтауға болатын тоңазытқыштың ең суық орны. Осы бөлімге көкөністер және/немесе жемістер салмау керек.



## Өнімдерді мұздатып сақтау жөніндегі ұсыныстар

Алдын ала оралған коммерциялық жолмен қатырылған тамақты қатырылған тамақ өндірушісінің қатырылған тамақты сақтау бөлігі туралы нұсқауларына сай сақтау керек.

Қатырылған тағам өндіруші қамтамасыз еткен жоғарғы сапаны сақтап қалу үшін, төмендегі нұсқаулар орындалуы керек:

1. Пакеттерде сатып алғаннан кейін қатырғышқа мүмкіндігінше тез қойыңыз.
2. Құрамы белгіленгеніне және күн қойылғанына көз жеткізіңіз.
3. Орамадағы «Дейін пайдалану», «Жарамдылық мерзімі» күндерінен асырмаңыз.

**Ескертулер!**

Азық-түлікті жанұяның күнделікті немесе тамаққа байланысты тұтыну қажеттіліктеріне сай порцияларға бөлу керек.

Азық-түлікті тіпті қысқа уақыт сақталатын болса да құрғауын болдырмау үшін ауа өткізбейтіндей орау керек.

Тамақты орау үшін пайдаланылатын материалдар жыртылуға төзімді және суыққа, ылғалға, иістерге, майларға және қышқылдарға төзімді болуы керек.

Ішінара еруін болдырмау үшін қатырылатын азық-түліктің алдында қатырылған нәрселерге тиюін болдырмау керек.

Ерітілген тағамдарды бірден тұтыну керек, оларды қайтадан қатыруға болмайды.

## Балғын тамақ бөлімі туралы ұсыныстар

Тамақтың балғын тамақ бөліміндегі температура датчигіне тиюіне жол бермеңіз.

Балғын тамақ бөліміне тамаша сақтау температурасын сақтауға мүмкіндік беру үшін датчикке тамақ кедергі жасамауы керек.

Өнім ішіне ыстық тамақты салмаңыз.

## Өнімді орналастыру

| | |
|---|---|
| Мұздатқыш бөлімінің сөрелері | Әр түрлі қатырылған тамақ, мысалы, ет, балық, балмұздақ, көкөністер және т.б. |
| Жұмыртқа ұстағыш | Жұмыртқа |
| Мұздату бөлімінің сөрелері | Кәстрөлдердегі, жабық тәрелкелерді және жабық ыдыстардағы тамақ |
| Мұздату бөлімі есігінің сөрелері | Шағын және оралған тамақ немесе сусындар (мысалы, сүт, шырын және сыра) |
| Балғын сақтағыш | Көкөністер мен жемістер |
| Көп аймақты бөлім | Деликатес өнімдер (ірімшік, май, салями және т.б.) |

| **Мұздатқыш бөлімі Орнату** | **Мұздату бөлімі Орнату** | **Түсініктемелер** |
|---|---|---|
| -18°C | 4°C | Бұл қалыпты ұсынылған параметр. |
| -20, -22 немесе -24°C | 4°C | Бұл параметрлер қоршаған ортаның температурасы 30°C-тан асқанда ұсынылады. |
| Жылдам қатыру | 4°C | Тамақты қысқа уақыт ішінде қатыру керек болғанда пайдаланыңыз. Ет және балық өнімдерінің сапасын сол күйінде сақтау үшін пайдалану ұсынылады. |
| -18°C немесе салқынырақ | 2°C | Ыстыққа немесе есікті жиі ашып-жабуға байланысты тоңазыту бөлігі жеткілікті суық деп ойламасаңыз. |
| -18°C немесе салқынырақ | Жылдам мұздату | Мұны тоңазыту бөлігіне шамадан тыс жүктеме түскенде немесе тамақты тез салқындату керек болса пайдалануға болады. Жылдам тоңазыту функциясын тамақты қоймай тұрып 4-8 сағат бұрын белсендіру ұсынылады. |

## HarvestFresh

*HarvestFresh* технологиясы бойынша жарықтандырылған тоңазытқыштарында сақталған көкөністер мен жеміс-жидектер күннің циклін ұқсайтын көк, жасыл, қызыл, ашық және қараңғы циклдер арқасында дәрумендерді (А және С дәрумендері) ұзақ уақыт бойы сақтайды.

*HarvestFresh технологиясына сәйкес тоңазытқыштың есігі қараңғыда ашылғанда, сіздің тоңазытқышыңыз мұны автоматты түрде сезеді және сізге ыңғайлы болу үшін сәйкесінше көк, жасыл немесе қызыл шамдардың бірін қосады. Тоңазытқыштың есігін жапқан кезде қараңғы кезең жалғасады, осылайша ол күндізгі циклдің түнгі кезеңін көрсетеді.*



# 6 Күту және тазалау

⚠ Ешқашан тазалау мақсатында газолин, бензин немесе осы сияқты заттарды пайдаланбаңыз.

⚠ Құрылғыны тазалау алдында оны розеткадан ажыратуды ұсынамыз.

⚠ Тазалау үшін ешқандай өткір және беті тегіс емес құрал, сабын, тұрмыстық тазартқыш, тазартқыш химикат және балауыз политурасын пайдаланбаңыз.

ⓘ Тоңазытқыштың корпусын жылы сумен тазалап, құрғатып сүртіңіз.

ⓘ Ішін су пинтасына бір шай қасық сода бикарбонаты қосылған ерітіндіге малынған ылғалды шүберекпен сүртіп, құрғақ болғанша сүртіңіз.

⚠ Шам корпусына және басқа электр заттарына су кірмеуін қамтамасыз етіңіз.

⚠ Тоңазытқыш біраз уақытқа дейін пайдаланылмайтын болса, қуат көзінен сымды ажыратыңыз, барлық тағамдарды алып тастап, оны тазалаңыз да, есігін жартылай ашық

ⓘ Есіктің аралық төсеніштерінің тағам қалдықтарынан тазалығын тексеріңіз.

⚠ Есік ілгектерін алу үшін, барлық нәрселерді алып тастап, есік ілгегін негізінен жоғары қарай көтеріңіз.

⚠ Өнімнің сыртқы беттерін және хроммен қапталған бөліктерін тазалау үшін ешқашан құрамында хлор бар тазалағыш заттарды немесе суды пайдаланбаңыз. Хлор мұндай металл беттерде коррозияны тудырады.

## Пластмассалық беттерді қорғау

ⓘ Сұйық майды немесе маймен пісірілген тамақтарды тоңазытқышқа тығыз жабылмаған ыдыстарда қоймаңыз, өйткені олар тоңазытқыштың пластик бетін зақымдауы мүмкін. Пластмассалық беттерге май шашыраса немесе жағылса, сол жерді жылы сумен дереу шайыңыз және тазалаңыз.

# 7 Ақаулықтарды жою

Сервиске қоңырау шалмай тұрып осы тізімді қарап шығыңыз. Ол уақыт пен ақшаны үнемдейді. Бұл тізім ақаулы жасаудан немесе материалды пайдаланудан туындамаған жиі шағымдарды қамтиды. Мұнда сипатталған мүмкіндіктердің кейбіреулері өніміңізге болмауы мүмкін.

| Тоңазытқыш жұмыс істемейді. |
|---|
| • Аша розеткаға дұрыс салынбаған. >>>Ашаны розеткаға берік салыңыз.<br>• Тоңазытқыш қосылған розетканың сақтандырғышы немесе қуат көзінің сақтандырғышы күйіп кеткен. >>>Сақтандырғышты тексеріңіз. |
| Мұздату бөлімінің қабырғасында конденсат бар (КӨП АЙМАҚ, САЛҚЫНДАТУДЫ БАСҚАРУ және ИКЕМДІ АЙМАҚ). |
| • Қоршаған орта өте суық. >>>Тоңазытқышты температура 10°C-тан төмен түсетін орындарда орнатпаңыз.<br>• Есік жиі ашылады. >>>Тоңазытқыш есігін жиі ашып, жаппаңыз.<br>• Қоршаған орта өте ылғалды. >>>Тоңазытқышты өте ылғалды орындарда орнатпаңыз.<br>• Құрамында сұйықтық бар тамақ ашық ыдыстарда сақталады. >>>Тағамды ашық ыдыстарда сұйық затпен сақтамаңыз.<br>• Тоңазытқыштың есігі ашық қалдырылады. >>>Тоңазытқыш есігін жабыңыз.<br>• Термостат өте суық деңгейге орнатылған. >>>Термостатты қолайлы деңгейге орнатыңыз. |
| Компрессор жұмыс істеп тұрған жоқ. |
| • Кенет қуат үзілістері кезінде немесе ажырату, қосу кезінде компрессордың термиялық қорғанысы күйіп кетеді, өйткені тоңазытқыштың салқындату жүйесіндегі тоңазытқыш қысымы әлі теңестірілмеген. Тоңазытқыш шамамен 6 минуттан кейін жұмыс істей бастайды. Осы уақыт ішінде тоңазытқыш іске қосылмаса, қызмет көрсету орталығына телефон шалыңыз.<br>• Бұл толығымен автоматты еріту тоңазытқышы үшін қалыпты жағдай. >>>Бұл толығымен автоматты еріту тоңазытқышы үшін қалыпты жағдай. Еру процесі кезеңді түрде қайталанады.<br>• Тоңазытқыш розеткаға қосылмаған. >>>Аша розеткаға салынғанын тексеріңіз.<br>• Температура параметрлері дұрыс орнатылмаған. >>>Үйлесімді температура мәнін таңдаңыз.<br>• Қуат жоқ. >>>Тоңазытқыш қуат қалпына келгенде қалыпты жұмыс істей бастайды. |

| Тоңазытқыш жұмыс істегенде шу артады. |
| --- |
| • Тоңазытқыштың жұмыс өнімділігі қоршаған орта температурасындағы өзгерістерге байланысты өзгеруі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай, ақаулық болып табылмайды. |
| Тоңазытқыш жиі немесе ұзақ уақыт бойы жұмыс істейді. |
| • Жаңа өнім бұрынғыдан кеңірек болуы мүмкін. Үлкенірек тоңазытқыштар ұзағырақ уақыт бойы жұмыс істейді.<br>• Бөлме температурасы жоғары болуы мүмкін. >>>Өнімнің ыстық қоршаған орта температурасында ұзағырақ жұмыс істеуі қалыпты.<br>• Тоңазытқыш жақында қуат көзіне қосылған болуы немесе тамақ салынған болуы мүмкін. >>>Тоңазытқыш жақында қуат көзіне қосылғанда немесе тамақ салынғанда, оның орнатылған температураға жетуіне ұзағырақ уақыт кетеді. Бұл қалыпты жағдай.<br>• Жақында тоңазытқышқа ыстық тамақтың үлкен мөлшері қойылған болуы мүмкін. >>>Тоңазытқышқа ыстық тамақты салмаңыз.<br>• Есіктер жиі ашылуы мүмкін немесе ұзақ уақыт бойы ашық қалдырылуы мүмкін. >>>Тоңазытқышқа кірген жылы ауа тоңазытқыштың ұзағырақ жұмыс істеуін тудырады. Есіктерді жиі ашпаңыз.<br>• Мұздатқыш немесе тоңазыту бөлімінің есігі ашық қалған болуы мүмкін. >>>Есіктер толық жабылғанын тексеріңіз.<br>• Тоңазытқыш өте төмен температураға реттелген. >>>Тоңазытқыш температурасын жылырақ градусқа реттеңіз және сол температураға жеткенше күтіңіз.<br>• Тоңазытқыш немесе мұздатқыш есігінің тығыздағышы ласталған, тозған, бүлінген немесе дұрыс отырғызылмаған болуы мүмкін. >>>Аралық төсенішті тазалаңыз немесе ауыстырыңыз. Зақымданған/сынған аралық төсеніш ағымдағы температура тиісті деңгейге жеткенше тоңазытқыштың ұзақ уақыт бойы іске қосылған күйде болуына себеп болады. |
| Мұздатқыш температурасы тоңазытқыш температурасы жеткілікті кезде өте төмен. |
| • Мұздатқыш өте төмен мәнге реттелген. >>>Қатырғыш температурасын жылылау деңгейге орнатыңыз және тексеріңіз. |
| Тоңазытқыш температурасы мұздатқыш температурасы жеткілікті кезде өте төмен. |
| • Тоңазытқыш өте төмен мәнге реттелген. >>>Тоңазытқыш температурасын жылылау деңгейге орнатыңыз және тексеріңіз. |
| Тоңазыту бөлімінің тартпаларында сақталған тамақ қатады. |
| • Тоңазытқыш өте жоғары мәнге реттелген. >>>Тоңазытқыш температурасын төмен мәнге орнатыңыз және тексеріңіз. |

| Тоңазытқыш немесе мұздатқыш ішіндегі температура өте жоғары. |
|---|
| • Тоңазытқыш өте жоғары мәнге реттелген. >>>Тоңазыту бөлімінің температурасының параметрі мұздатқыш температурасына әсер етеді. Тоңазытқыштың немесе тоңазытқыштың температураларын өзгертіңіз және тиісті бөлімдер жеткілікті температураларға жеткенше күтіңіз.<br>• Есіктер жиі ашылуы мүмкін немесе ұзақ уақыт бойы ашық қалдырылуы мүмкін. >>>Есіктерді жиі ашпаңыз.<br>• Есік ашық. >>>Есікті толығымен жабыңыз.<br>• Тоңазытқыш жақында қуат көзіне қосылған немесе тамақ салынған. >>>Бұл - қалыпты жағдай. Тоңазытқыш жақында қуат көзіне қосылғанда немесе тамақ салынғанда, оның орнатылған температураға жетуіне ұзағырақ уақыт кетеді.<br>• Жақында тоңазытқышқа ыстық тамақтың үлкен мөлшері қойылған болуы мүмкін. >>>Тоңазытқышқа ыстық тамақты салмаңыз. |
| Дірілдер немесе шу. |
| • Еден тегіс немесе тұрақты емес. >>>Егер баяу жылжытқанда тоңазытқыш шайқалса, оны табанын реттеу арқылы теңестіріңіз. Сондай-ақ, еден тоңазытқышты ұстау үшін жеткілікті күшті және тегіс екенін тексеріңіз.<br>• Тоңазытқышқа қойылған заттар шу тудыруы мүмкін. >>>Тоңазытқыш үстіндегі элементтерді алыңыз. |
| Тоңазытқыштан сұйықтық аққандай, себілгендей, т.б. шу келеді. |
| • Тоңазытқыштың жұмыс істеу принципіне сай сұйықтық және газ ағындары болады. Бұл қалыпты жағдай, ақаулық болып табылмайды. |
| Тоңазытқыштан ысқырған дыбыс естіледі. |
| • Тоңазытқышты салқындату үшін вентиляторлар пайдаланылады. Бұл қалыпты |
| Тоңазытқышт ың ішкі қ абырға ларында конденсат бар. |
| • Ыстық және ылғалды ауа райы мұз және конденсат пайда болуын арттырады. Бұл қалыпты жағдай, ақаулық болып табылмайды.<br>• Есіктер жиі ашылуы мүмкін немесе ұзақ уақыт бойы ашық қалдырылуы мүмкін. >>>Есіктерді жиі ашпаңыз. Ашық болса, оларды жабыңыз.<br>• Есік ашық. >>>Есікті толығымен жабыңыз. |
| Тоңазытқыштың сыртында немесе есіктердің арасында ылғал пайда болады. |
| • Ауада ылғал болуы мүмкін, бұл ылғалды ауа райында қалыпты жағдай. Ылғал азайғанда, конденсат жоғалады. |
| Тоңазытқыш ішінде жағымсыз иіс бар. |
| • Тұрақты тазалау орындалмайды. >>>Тоңазытқыш ішін тұрақты түрде губкамен, жылы сумен немесе суда ерітілген карбонатпен тазалаңыз.<br>• Кейбір ыдыстар немесе орама материалдары жағымсыз иіс шығаруы мүмкін. >>>Басқа ыдысты пайдаланыңыз немесе басқа маркалы орама материалын пайдаланыңыз.<br>• Тамақ тоңазытқышқа жабылмаған ыдыстарда салынған. >>>Тамақты жабық ыдыстарда сақтаңыз. Жабылмаған ыдыстардан тарайтын микроағзалар жағымсыз иістерді тудыруы мүмкін.<br>• Тоңазытқыштан мерзімі өткен және бұзылған тамақты алыңыз. |
| Есік жабылмайды. |
| • Тамақ орамалары есіктің жабылуына кедергі жасап жатыр. >>>Есікке кедергі жасап жатқан орамаларды ауыстырыңыз.<br>• Тоңазытқыш еденде толығымен тегіс тұрған жоқ. >>>Тоңазытқышты теңестіру үшін табанды реттеңіз.<br>• Еден тегіс немесе күшті емес. >>>Еден тегіс екенін және тоңазытқышты ұстай алатынын тексеріңіз. |
| Балғын ұстағыштар тұрып қалды. |
| • Тамақ тартпаның төбесіне тиіп тұр. >>>Тартпадағы тамақ орнын ауыстырыңыз. |

**Please read this user manual first!**

Dear Customer,

We hope that your product, which has been produced in modern plants and checked under the most meticulous quality control procedures, will provide you an effective service.

Therefore, read this entire user manual carefully before using the product and keep it as a reference. If you handover the product to someone else, give the user manual as well.

**The user manual will help you use the product in a fast and safe way.**

- Read the manual before installing and operating the product.
- Make sure you read the safety instructions.
- Keep the manual in an easily accessible place as you may need it later.
- Read the other documents given with the product.
- Remember that this user manual is also applicable for several other models.
- Differences between models will be identified in the manual.

**Explanation of symbols**

Throughout this user manual the following symbols are used:

ⓘ Important information or useful tips.

⚠ Warning against dangerous conditions for life and property.

⚠ Warning against electric voltage.



***WARNING!***

In order to ensure a normal operation of your refrigerating appliance, which uses a completely environmentally friendly refrigerant the R600a (flammable only under certain conditions) you must observe the following rules:

- Do not hinder the free circulation of the air around the appliance.
- Do not use mechanical devices in order to accelerate the defrosting, others than the ones recommended by the manufacturer.
- Do not destroy the refrigerating circuit.
